

«КЕЛІСІЛДІ»

«ШҚО білім басқармасы»

ММ басшысы

И. Чернышёва

2023 ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Өскемен жоғары

политехникалық колледжі»

КМҚК директоры

И. Исин

2023 ж.



**Шығыс Қазақстан облысы мен Абай облысының техникалық және кәсіптік
білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы
«Физика» пәні бойынша облысаралық Олимпиада туралы**

ЕРЕЖЕ

Өскемен, 2023 жыл

1. Жалпы ереже

1.1 Осы Ереже Шығыс Қазақстан облысы мен Абай облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы «Физика» пәні бойынша облысаралық олимпиадаға (бұдан әрі - Олимпиада) қатысудың мақсаттары мен міндеттерін, өткізу тәртібін, ұйымдастырушылық – әдістемелік шарттарын, жеңімпаздарды айқындауды, сондай-ақ марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2 Олимпиада ШҚО, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 5 мекенжайында орналасқан «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК базасында өткізіледі.

Олимпиаданы өткізу күні: **2023 жылдың 08 желтоқсаны.**

Олимпиаданың басталу уақыты: сағат 09.00-де.

1.3 Олимпиадаға қатысушылар: мемлекеттік және орыс тілінде оқытатын ТЖКБ жүйесінің оқу орындарына түскен 1 курс студенттері (9 сынып базасында).

1.4 Өткізу нысаны: күндізгі

1.5 Олимпиадаға қатысу үшін өтінімдерді (1-қосымша) олимпиаданы ұйымдастырушылардың электрондық мекенжайына **2023 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде** жіберу қажет: stupeniolesja@mail.ru

1.6 Өтініммен бірге қатысушының жеке куәлігінің (туу туралы куәлігінің) сканкөшірмесі жіберіледі.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

2.1 Мақсаты: жастардың ғылыми-зерттеу қызметін анықтау және қолдау, оқу пәндерін өз бетінше тереңдетіп оқуға қызығушылығын дамыту.

2.2 Олимпиада міндеттері:

- ең қабілетті және дайындалған студенттерді анықтау;
- пән бойынша білімді кеңейту және тереңдету;
- пәнді өз бетінше зерттеуге қызығушылықтарын дамыту.

3. Олимпиаданы ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету

3.1 Олимпиаданы ұйымдастырушылар: «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК, физика-математика пәндері оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігі.

3.2 Олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және іске асыру үшін колледж әкімшілігі мен физика-математикалық және жалпы техникалық бейіндегі педагогтер қатарынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- Олимпиаданы өткізу туралы ережені әзірлейді;
- Олимпиаданы дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша барлық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- Олимпиада тапсырмаларының жиынтығын дайындайды және бекітеді, олимпиада басталғанға дейін тапсырмалардың құпиялылығына толық жауап береді;

- Олимпиадаға қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлері мен шарттарын әзірлейді;

- Олимпиада материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3.3 Ұйымдастыру комитеті олимпиаданы өткізу бағдарламасын әзірлейді.

3.4 Олимпиадаға қатысушылар мен жеңімпаздар туралы ақпарат ШҚО білім басқармасының, ШҚО кәсіптік білім беру орталығының, «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК сайттарында, әлеуметтік желі парақшаларында орналастырылады.

3.5. Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: ШҚО, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 5. Анықтама телефоны: 8-777-275-46-66 (олимпиаданың үйлестірушісі Чирцова Олеся Николаевна, stupeniolesja@mail.ru).

4. Олимпиаданы өткізу тәртібі

4.1. Әр колледж 1-2 студент қатыстырады. «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК өз қатысушыларын конкурстан тыс қояды.

4.2. Студенттің жетекшісі - оны дайындаған оқытушы. Әрбір жетекші 2023 жылғы 1 желтоқсанға дейін колледж директоры бекіткен өтінімді және қатысушылардың жеке куәліктерінің (туу туралы куәліктерінің) сканкөшірмелерін электрондық поштаға stupeniolesja@mail.ru жібереді.

4.3. Олимпиада келесі бөлімдер мен тақырыптардың көлемінде өткізіледі:
«Механика» бөлімі:

- Кинематика;
- Динамика;
- Статика;
- Сақталу заңдары;
- Сұйықтар мен газдардың механикасы.

«Жылулық физика» бөлімі:

- Молекулалық-кинетикалық теорияның негіздері;
- Газ заңдары;
- Термодинамика негіздері;
- Сұйық және қатты денелер.

4.5. Олимпиада 2 турдан тұрады. Бағалау балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады.

1 тур – тестілеу

Тест 30 сұрақтан тұрады. Әр сұраққа 5 жауап беріледі, олардың біреуі ғана дұрыс. Әр тест тапсырмасын орындауға 1 минут уақыт беріледі. Бөлінген уақыт - 30 минут.

Бағалау критерийлері (әр сұрақ үшін 1 балл)

- пән бойынша білімді меңгеру;

- жауап жылдамдығы, дәлдігі және сапасы.
- Ең көп ұпай саны – 30.
Барлық қатысушылар екінші турға өтеді.

2 тур – «Механика», «Жылу физикасы» бөлімдерінің тақырыптары бойынша есептерді шешу

Жұмысты орындауға 60 минут бөлінеді.

Бағалау критерийлері:

- есептерді шешудің жалпы және арнайы алгоритмдерін білу;
- тапсырмаларды рәсімдеу;
- шешімнің дұрыстығы;
- шешу жылдамдығы.

Ең көп ұпай саны – 70.

5. Жеңімпаздарды марапаттау

5.1 Олимпиада қорытындысы бөлінген уақытта бірінші және екінші турдан өткен қатысушылар арасында өткізіледі.

5.2. Үздік үш нәтиже көрсеткен қатысушылар сәйкесінше 1 дәрежелі, 2 дәрежелі, 3 дәрежелі дипломдардың жеңімпаздары мен иегерлері болады.

5.3. Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша дипломдармен марапаттауға 1-ден астам қатысушы ұсынылуы мүмкін.

5.4. Әр қатысушы олимпиадаға қатысқаны үшін сертификат алады.

5.5. Олимпиада жеңімпаздарын дайындағаны үшін оқытушылар алғыс хаттармен марапатталады.

5.6. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау 2023 жылғы 08 желтоқсанда өткізіледі.

Қосымша 1.

ӨТІНІМ ҮЛГІСІ

Физика пәнінен облысаралық олимпиадаға қатысуға өтінім

№	Қатысушының Т. А. Ә. (жеке куәлік/ туу туралы куәлік бойынша), WhatsApp телефон номері	Оқу орнының атауы, қай топта оқитыны, оқыту тілі (мемлекеттік, орыс). Байланыс телефоны.	Қатысушы жетекшісінің Т. А. Ә. (жеке куәлік бойынша), WhatsApp телефон номері, e-mail

Оқу орнының директоры _____
(қолы) (Т.А.Ә)

М.П.